**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ**
**Ғылыми кеңес отырысында**
**13.05.2023 ж. № 10 хаттамамен**
**БЕКІТІЛДІ**

# D069 - «Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағат ісі» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер.

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындығына тест тапсырудан (бұдан әрі – ОДТ), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан және сұхбаттасудан тұрады.

| Блогы | Балы |
|---|---|
| 1. Эссе | 10 |
| 2. Докторантурада оқуға дайындық тесті | 30 |
| 3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан | 40 |
| 4. Сұхбаттасу | 20 |
| 5. Барлығы/ өту ұпайы | 100/75 |

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 4 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

## 2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі.

1. D069 - «Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағат ісі» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250-300 сөзден кем болмауы керек.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар.**

**«Архивтану ғылымының теориясы мен әдіснамасы»** пәні

**Тақырып 1. Құжаттың жалпы теориясы (архивтанулық аспект).** Құжат архивтанудың зерттеу обьекті ретінде. Құжаттың жалпы теориясының мақсаты, міндеттері, аспектілері. Құжаттың әлеуметтік функциялары. Құжат түрлерінің пайда болу мәселелері. Архив құжаттарының және архивтердің әлеуметтік жадыдағы орны. В.Н. Автократов, Б.С. Илизаров, В.П. Козлов, К.Б. Гельман-Виноградов, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Л.К. Робане және басқалардың жұмыстары.

**Тақырып 2. Архивтік терминтану.**

Архивтік терминтану саласындағы еңбектер. Б.С. Илизаров және архив - адамзаттың әлеуметтік жады ретінде тұжырымдамасы. Б.С. Илизаров «архив», «архив құжаттары» (1989 ж.) терминдерінің қалыптасуы туралы. XX ғ. архивтанудағы «архив қоры» ұғымының дамуы. «Құжаттық қор» ұғымы және олардың пайда болуының алғышарттары. Қорқұрушы туралы түсінік.

«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» (1998 жылы 22 желтоқсан) (ҚР 28.10.2015 № 368-V Заңына өзгерістер енгізілді) ҚР заңда негізгі архивтанулық терминдердің құқықтық бекітілуі. Архивтанулық терминдер сөздіктері. Шетелдік негізгі архивтанулық терминдерді салыстырмалы талдау.

«Архивтану», «архив ісі», «қор», «архив құжаты», «архивтанудың теория мен әдістері», «қордың ізі», «архив қоры» түсініктері. «Ақпарат» және «құжат» түсініктерінің арақатынастары. Құжаттың негізгі тұжырымдамалары.

Архивтерді толықтырудың көздері. «Толықтыру көздері» және «толықтыру аймағы» ұғымдары.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың түсініктік аппараты. В.П. Козлов, О.М. Медушевская, И.В. Карапетянц, В.М. Магидов, Е.В. Старостин, Т. И. Хорхордина еңбектеріндегі іргелі архивтану идеясының дамуы.

**Тақырып 3. Архивтанудың объекті мен пәні.**

В.Н. Автократов архивтанудың объекті мен пәні туралы. «Қор» және «пайда болу принципі» туралы тұжырымдамалардың дамуы архив жөніндегі жаңа ғылымның теориялық ядросы ретінде. Архивтанудың негізгі түсініктеріне авторлықтың орнығуы (В.К. Клейн, В.В. Снигирев, Г.С. Габаев).

Архивтану объектісі: архив мекемелерінің жүйесі, қағаз ж2не басқа да тасымалдаушылардағы құжаттық ресурстар, архивтерді басқару органдары, ғылыми-зерттеу құрылымдары, архив құжаттарының кешені, қорлар кешені. Құжаттық ретроспективтік ақпарат архивтанудың объектісі.

Архивтану пәні эмпирикалық, теориялық-методологиялық деңгейде.

**Тақырып 4. Архивтанудың заңдылықтары, принциптері, ғылыми тәсілдері әдісі, әдістемесі.**

Архивтанудың заңдылықтары: қорқұру, ҚР ҰМҚ құрамын көтеру, архив қоры құрамындағы ақпараттарды бөлу.

Шынайылық принципі. Тарихилық принципі. Жан-жақтылық принципі. Кешенді бағалау принципі. Әлеуметтік-саяси бейтараптық принципі. Ғылыми шынайылық принципі.

Архивтанудың арнайы принциптері: қордың бөлшектенбейтіндігі, материалдарды

қорішілік жүйелеу, архив ісін орталықтандыру. Құндылықтарды сараптау принципі.

**Тақырып 5. Архивтанудың ғылыми тәсілдері.**

Құндылықтарды сараптаудың ғылыми теориясын жасаудағы деректанулық және ақпараттық тәсілдер. Құжаттың «құндылығы» және «пайдалылығы» түсініктерін жіктеу. В.Н. Автократов және А.В. Елпатьевский архивтануға информатика категориясын енгізу мәселесі туралы. Архивтанудың жалпы теориясының өзекті мәселелері бойынша Б.С. Илизаров пен В.Н. Автократовтың пікірталасы. «Тарихи кеңістік» құрудағы ғалымдардың рөлінің заманауи тұжырымдамасы. 1970-жылдардың соңындағы жеке архивтерді жинау мен сақтау әдістері туралы тарихшылар мен архивистердің пікірталасы.

Архивтанудағы сараланған, жүйелік-құрылымдық, функционалдық және ықтималдық тәсілдер. Танымның жалпы әдістерінің рөлі. Салыстырмалы-тарихи әдіс. Құжатты зерттеудің деректанулық әдістері және оларды құжатты іріктеу, ұйымдастыру және сипаттауда қолданылуы. Математикалық-статистикалық зерттеу әдісі негізінде архив статистикасының дамуы. Тарихилық. Тарихи-салыстырмалы. Өзектіліктік. Сипаттамалық. Моделдеушілік. Функционалдық талдау. Сандық. Тар профилдік архивтанулық әдістер: әдістемелер, микроәдістер, бірыңғай есепке алу әдісі.

**Тақырып 6. Архив қорлары аумағында архив құжаттарын сыныптау.**

Құжаттарды сыныптау мәселелері. Сыныптау белгілері. Сыныптаудың архив құжаттарын тиімді орналастыру мен пайдалану үшін маңызы. Б.И.Анфилов, Г.А. Князев, И.С. Назин, З.Н. Доброва, Н.А. Фомин, М.Ф. Петровская және басқа да архивистердің ғылыми және әдістемелік жұмыстарының архив құжаттары қорлар бойынша сыныптаудың қалыптасуы үшін маңызы (қорландыру теориясы).

Архив қоры аумағындағы құжаттарды сыныптаудың теориялық негіздері. Архив қоры аумағында құжаттарды жинақтау және құжаттық ақпараттарды іздеу үшін сыныптаудың маңызы. Архив қоры құжаттарын сыныптаудың теориялық және әдістемелік негіздерін Н.А. Фомин, К.Г. Митяев, М.Ф. Петровский, К.И. Рудельсон сынды ресейлік архивистердің дамытуы.

Архив қоры аумағындағы құжаттарды меншік түрі, тасымалдаушы түрі, ақпаратты бекіту тәсілі мен техникасы бойынша ұйымдастыру. Құжаттарды құндылық дәрежесі мен қолжетімділік категориясы бойынша ұйымдастыру. Қордағы істерді сыныптау бірліктері.

Қордағы істерді жүйелеу сұлбасы. Архив қоры көлемінде сақтау бірліктерін топтау белгілері. Істі қалыптастыру барысында құжаттарды сыныптау.

**Тақырып 7. Қорландыру теориясы.**

Архив құжаттарын қорландыру мәселелерінің отандық әдебиетте зерттелуі. Қорландыру теориясының негізгі түсініктері. Архив қорларының түрлері және қорландыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Қорлардың хронологиялық шеңбері. Қорландыру кезіндегі тарихи анықтама және оның рөлі. Заңды тұлғалардың құжаттық кешендерін біріктіру белгілері. Бірлескен архив қорлары және жеке тектік қорларды құру. Архив коллекцияларын құру. Жеке жинақтарды жасау.

**Тақырып 8. Құжаттық ретроспективті ақпаратты сипаттау және іздеудің теориялық аспектілері.**

Отандық әдебиетте құжаттық ақпаратты сипаттау мәселелерін қарастыру. Сипаттау теориясының негізгі түсініктері, принциптері мен әдістері. Қазіргі анықтамалық құралдарды сипаттаудың элементтері. Құжаттық ақпаратты сипаттауда сараланған тәсілдің мәні. Заманауи анықтамалық құралдарды сипаттаудың элементтері.

Тізбе – ҒАА жүйесінің міндетті элементі. Тізбенің сипаттау обьектісі.

Құжаттардың әртүрлі топтары үшін сипаттаудың тәсілдерін қолдану. Каталогтық карточкаларды сипаттау элементтерінің құрамы. Жолсілтердің сипаттама обьектісі және сипаттамалық баптарын құрастыру. Көрсеткіш пен шолудың сипаттама обьектісі және сипаттамалық баптарын құрастыру.

**Тақырып 9. Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесі.**

Әдебиеттерде ҒАА жүйесін жасау мәселесі. Архив анықтамалықтарын даярлауда әдістемелік ұсыныстар. Архивтердің ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесінің жетілдірілуі. Ғылыми-анықтамалық жүйесінің тиімділігі.

Ретроспективті ақпараттарды сипаттаудағы сараланған тәсіл ҒАА жүйесін құрудың әдістемелік негізі ретінде. ҒАА жүйесінің жүйелілік факторлары. ҒАА жүйесінің құрылымы. Архив анықтамалықтарының түрлері және бір бірімен байланыстары. Архивтер үшін ыңғайлы ақпараттық-ізденіс жүйелерін құру. Ақпараттық массивтердің сәйкестік мәселесі және олардың біртекті мәліметтер базасына қосу мүмкіндіктері.

**Тақырып 10. Құжаттардың құндылығын сараптаудың теориялық негіздері.**

Құжаттардың құндылығын сараптаудың мәселелері тарихи әдебиетте. Құжаттардың құндылығын сараптаудың теориясының негізгі ұғымдары. ҚҚС бойынша нормативті құжаттар жүйесі мен методикалық құралдар. Сақтау мерзімдері көрсетілген типтік құжаттардың тізімінің типтері, түрлері, құрылымы. Сараптау органдары жүйесі. Сараптау-тексеру комиссиясы, сараптау комиссиясы , олардың құрамы, қызметі, жұмысын ұйымдастыруы.

Құжаттардың құндылығын сараптаудың теориялық-методологиялық негіздері, принциптері және міндеттері. Құжаттардың құндылығының критерилерін жасау, олардың дамуы мен нақтылануы. Арнайы тасымалдаушылардағы құжаттарды сараптаудың ерекшеліктері.

Сараптау жүргізудің әдістері. Архивтердегі мақсатты кешенді ҚҚС, оның белгіленуі және жүргізу әдістері. Жеке текті құжаттардың құндылығын сараптауды жүргізудің ерекшеліктері.

Құжаттардың құндылығын сараптау туралы түсінік. 1960-1980 жж. құжаттардың құндылығын сараптаудың теориялық негіздері бойынша пікір тартыстар.

1970-1990 жылдар басындағы құжаттардың құндылығын сараптаудың теориясы мен практикасын жетілдіру. Жаңа типтегі мекемелердің құжаттарын бағалаудағы сараланған тәсіл. Құжаттардың құндылығын сараптаудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 1990 ж. басына дейінгі және қазіргі кезеңдегі архивтанудағы сараптау принциптері. Құжаттарды деректанулық сынау және олардың құндылықтарын сараптаудағы маңызы. Жүйелілік тәсіл. Функционалдық талдау. Ақпараттық талдау. Сараптауда танымның жалпығылыми және жеке әдістерін қолдану.

**Тақырып 11. Ретроспективтік ақпаратты пайдаланудың теориялық ерекшеліктері.**

Құжаттарды пайдалану мәселелерінің отандық әдебиетте зерттелуі. Архив құжаттарын пайдалану теориясының негізгі принциптері мен түсініктері. Архив құжаттарын пайдаланудың басты бағыттары мен түрлері.  Архив құжаттарын пайдалану нысандары. Тұтынушыларға ақпараттық қызмет көрсету тәсілдері. Ақпараттық жайлылық тұжырымдамасы. Архив құжаттарын тиімді пайдалану мәселелері: экономикалық, техникалық, әлеуметтік-құқықтық.

**Тақырып 12. Архивтерде электронды құжаттармен жұмыс жасаудың теориясы мен әдістемесі.**

Архив ісін автоматтандыру және шетелдік архивтанулық ой: мәселенің тарихнамасы. Архив ісін ақпараттандырудың ұйымдастырушылық негіздері. Архив ісін ақпараттандырудың құқықтық негізі. Архив саласын ақпараттандыру: тұжырымдамалар, бағдарламалар, жоспарлау.

Құжаттарды есепке алу және оларды сақталуын қамтамасыз ету салаларындағы автоматтандырылған технологияларды қолдану. ААІЖ. Ретроспективті ақпараттарды қолдануын ұйымдастыруда автоматтандырылған технологиялар.

## 3. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

**Негізгі:**

1. Концепция развития архивного дела в Республике Казахстан на 2001-2005 годы // https://tengrinews.kz/zakon/
2. Концепция развития архивного дела в Республике Казахстан на 2007-2009 годы // https://tengrinews.kz/zakon/
3. Автократов В.Н. Теоретические проблемы отечественного архивоведения. - М.: Изд-во РГГУ, 2001. - 396 с.
4. Булюлина Е.В. Теория и методика архивоведения: учеб. пособие / Е.В.Булюлина: М-во образования и науки Рос. Федерации, Волгогр. гос. ун-т, 2012. -145 с.
5. Малышева С.Ю. Основы архивоведения: учеб. пособие / С.Ю. Малышева. - Казань: Татар. Республ. изд-во «Хэтер», 2002. – 169 с.

**Қосымша:**

1. Сборник нормативно-правовых актов, научно-методических документов в области архивного дела (1991- 2001). Под общей ред. доктора ист. наук К.Л. Есмагамбетова. – Астана, 2002.
2. Адельгужин А.А. Нормативная правовая база документирования и архивного дела // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу – Делопроизводство в Казахстане. -2007. -№ 1(1). -С. 60-66.

## **«Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау»** пәні

**Тема 1. Қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі білімнің рөлі. Ғылым дамуының негізгі кезеңдері**

Әлемдік дамудың қазіргі кезеңін талдау. Ғылыми танымның қажеттілігін негіздеу және іргелі және қолданбалы мәселелерді шешу.

Ұлттық экономикалық жүйеде өндірістік емес сала ретінде Ғылым мен ғылыми қызмет көрсету орнын анықтау. "Ғылыми", "ғылыми-техникалық" және "инновациялық" қызмет ұғымдары.

**Тақырып 2. Ғылымның жіктелуі және салалық құрылымы. Мемлекеттің ғылыми әлеуеті және оны пайдаланудың тиімділігі**

Ғылым дамуының жалпы салалық және кешенді мәселелерінің сипаттамасы. Әлеуметтік, жаратылыстану, техникалық және қолданбалы ғылымдар.

**Тақырып 3. Ғылымды басқаруды ұйымдастыру: отандық және шетелдік тәжірибе**

Қазақстан Республикасындағы ғылымды қаржыландырудың ұйымдық құрылымы мен ерекшеліктері. ҚР Ғылым академиясы және салалық Академиялар. Салалық, университеттік және өндірістік ғылымдар. Нарықтық экономикада жеке (мемлекеттік емес) ғылымды дамытудың қажеттілігі мен ерекшеліктері.

**Тақырып 4. Ғылыми зерттеулердің әдістері және оларды әлеуметтік және**

**гуманитарлық салалардағы міндеттерді шешуде қолдану**

Ғылыми зерттеу әдістерінің даму эволюциясы. Ғылыми проблеманы белгілеу және зерттеу мақсатын, тақырыбын, объектісін негіздеу. Эмпирикалық, теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасы.

**Тақырып 5. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының құрылымы. Зияткерлік меншікті қорғау**

Ғылыми зерттеулерді жүйелеуді жоспарлаудың қажеттілігі мен негізгі талаптары. Ғылыми және ақпараттық рефераттарды, ғылыми мақала мен оның тезистерін, монографияны, диссертацияны, ғылыми баяндаманы, зерттеу сипатындағы бітіру біліктілік жұмысын ресімдеудің мазмұны мен тәртібі. Университетте оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру тәртібі. Ғылыми зерттеулердің бағыттарын таңдау. Ғылыми - зерттеу жұмысының тақырыбына қойылатын талаптар.

Ғылыми зерттеулердің келешектілігін бағалау. Ғылыми-зерттеу, теориялық және эксперименттік жұмыстардың құрылымы. Ғылыми зерттеулерді орындау кезінде құрылатын зияткерлік меншікті қорғау.

**Тема 6. Ақпараттық іздестіру, ғылыми - зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу және ұсыну**

Ақпараттық іздеу әдістері. Ғылыми-техникалық әдебиеттер, шолулар, монографиялар, мерзімді басылымдар, конференция материалдары, ҒЗЖ және ТКЖ туралы есептер.

Интернеттегі ақпараттық іздеу. Ғылыми баяндаманы құру және ұсыну әдістері. Графикалық ақпаратты ұсыну әдістері

**Тақырып 7. Теориялық және эксперименттік зерттеулер әдіснамасы**

Ойлау заңдылықтары мен формалары. Теориялық және эксперименттік ғылыми зерттеулердің әдіснамасы.

**Тақырып 8. Математикалық-статистикалық жоспарлау және эксперимент нәтижелерін өңдеу әдістері. Ғылыми зерттеулердегі модельдеу**

Математикалық статистика элементтері және оны қолдану. Корреляциялық және регрессиялық талдау әдістері. Экспериментті жоспарлаудың математикалық негіздері. Экспериментті оңтайландырудың математикалық әдістері. Модельдеу және ұқсастық. Үлгі түрлері. Физикалық ұқсастық және модельдеу.

**Тақырып 9. Өнертапқыштық және патенттеу негіздері**

Зияткерлік меншік құқықтық қорғау объектісі ретінде. ҚР Патенттік Заңының ерекшеліктері. Өнертабыс объектілері. Өнертабыстың критерийлері, жаңалығы, өнертапқыштық деңгейі, практикада қолданылуы. Патенттік құқықтарды ресімдеу. Өтінімді жасау және беру.

## 3. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

**Негізгі:**

1. Методы и средства научных исследований: Учебник/А.А.Пижурин, А.А.Пижурин (мл.), В.Е.Пятков - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2015. - 264 с.: http://znanium.com/bookread2.php?book=502713

2. Методология научного исследования: Учебник / А.О. Овчаров, Т.Н. Овчарова. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2014. - 304 с.: - ISBN 978-5-16-009204-1
http://znanium.com/bookread2.php?book=427047

3. Основы научных исследований (Общий курс): Учебное пособие / В.В. Космин. - 2-е изд. - М.:

ИЦ РИОР: НИЦ ИНФРА-М, 2014. - 214 с.: ISBN 978-5-369-01265-9
http://znanium.com/bookread2.php?book=487325

**Қосымша:**

1. Основы научных исследований / Б.И. Герасимов, В.В. Дробышева, Н.В. Злобина и др. - М.: Форум: НИЦ Инфра-М, 2013. - 272 с.:ISBN 978-5-91134-340-8
http://znanium.com/bookread2.php?book=390595
2. Кравцова, Е. Д. Логика и методология научных исследований [Электронный ресурс]: учеб. пособие / Е. Д. Кравцова, А. Н. Городищева. - Красноярск: Сиб. федер. ун-т, 2014. - 168 с. - ISBN 978-5-7638-2946-4 - Режим доступа: http://znanium.com/catalog.php?bookinfo=507377
3. Процесс формирования научного знания (онтологический, гносеологический и логический аспекты): Монография / В.И. Кондауров. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013. - 128 с.: http://znanium.com/bookread2.php?book=41317

**«Кітапхана қорын ұйымдастыру және модернизациялау»** пәні

**Тақырып 1. Кітапхана қорын қалыптастырудың негіздері**

Кітапхана қорын қалыптастырудың негіздері. Кітапхана қорын қалыптастыру: мәні, мақсаты, маңызы. Кітапхана қорын қалыптастыру теориясының пайда болуы. Кітапхана мақсаттарының тұтынушылардың қажеттіліктеріне сәйкестігі заңын өңдеудегі Н.С. Карташовтың, Ю.Н.Столяровтың қосқан үлесі. Кітапхана қорын қалыптастырудың мазмұны. ҚР кітапханаларының Кітапхана қорын қалыптастырудың қазіргі күнгі ағымдары.

**Тақырып 2. Кітапхана қорын қалыптастырудың теориясы.** Н.А. Рубакиннің, Л.Б. Хавкинаның, К.Н.Деруновтың, А.А. Покровскийдің еңбектеріндегі іріктеу теориясының өңделуі. Құжаттарды іріктеу: алғашқы екінші қайтара. Іріктеу сапасының критерийлері. Іріктеудің нәтижелік критерийі - ең аз еңбек уақыт шығыны. Іріктеудің жеке критерийлері. Кітапхана қорының толықтығы: артық, кем, жеткілікті және салыстырмалы. Кітапхана қорының ақпараттық және құжаттық толықтығы. Кітапхана қорының өзегі: құрамы, көлемі, жаңаруы. Көпшілік кітапхана қорының өзегінің, ғылыми және арнайы кітапхана қоры.

**Тақырып 3. Кітапхана қорын қалыптастыру технологиялық цикл ретінде**

"Кітапхана қоры"ұғымының дефинициясы. Кітапхана қорын қалыптастырудың мақсаты мен критерийі. "Кітапхана қорын қалыптастыру" циклінің жалпы сипаттамасы және оның блок-схемасы. Негізгі технологиялық ұғымдар. Циклды ұйымдастыруға қойылатын талаптар. Кітапханадағы құжат жолы: процестер мен орындаушылардың сипаттамасы.

Кітапхана қорын қалыптастырудың автоматтандырылған технологиясының артықшылықтары. Кітапхана қорының қасиеттері. Кітапхана қорының байланыстары. Кітапхана қорының жүйелік функциялары. Кітапхана қорын технологиялық цикл ретінде қалыптастыру. Кітапхана қорындағы электрондық құжат. Кітапхана қорын технологиялық цикл ретінде қалыптастыру. "Кітапхана қорын қалыптастыру"циклінің технологиялық құрылымы. Кітапхана қорын қалыптастыру технологиясына қойылатын талаптар. Өңдеу технологиясы.

**Тақырып 4. Кітапхана қорының құжаттарын орналастыру, сақтау және жеткізу**

Жалпы ережелер. Қор коймасының көлемдік-кеңістіктік композициясы. Қорды оған еркін қол жеткізу кезінде орналастыру. Қорды дүкен қорына орналастыру. Кітапхана қорын орналастыру. Пайдаланушылардың талаптары бойынша құжаттарды жеткізу. Кітапхана қорын сақтау теориясы. Кітапхана қорын тексеру. Кітапхана қорын сақтау. Консервациялық қортану

ұғымы. Кітапхана қорын сақтаудың ұлттық саясатының негізгі түсініктері. Кітапхана қорын сақтау үшін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі.  Сақтау бөлімінде кітапхана қорын қорғау технологиясы. Қауіптерді болдырмау және алдын алу. Қорды пайдалану мәдениетін тәрбиелеу. Қорды пайдалануды бақылау. Қорды заңды және қаржылық қорғау.

**Тақырып 5. Кітапхана қорын басқару**

Кітапхана қорын басқару субъектісі және объектісі. Кітапхана қорын басқару кітапхана қорын қалыптастыруды басқару және технологиялық басқару жиынтығы ретінде. Кітапхана қорын басқарудың иерархиялық құрылымы. Федералды және жергілікті басқару деңгейлері. Кітапхана қорларын құру мен дамытуды қамтамасыз ететін заңнамалық актілер.

Нақты кітапхананың кітапхана қорын басқару.

Кітапхана қорын жинақтауға, дамытуға және сақтауға көмектесетін әдістемелік орталықтардың қызметі.

**Тақырып 6. Кітапхана қорын құрылымдау**

Кітапхана қорының құрылымы туралы түсінік, оның кітапхана қорын құрайтын құжаттарды сақтау мен пайдаланудың оңтайлы режимін құрудағы маңызы.

Оқырман кітапхана қоры. Қызметтік кітапхана қоры. Кітапханааралық (айырбастау) қор. Резервтік қор. Сауда қоры. Мұрағаттық кітапхана қоры. Сақтандыру қоры. Өлкетану қоры. Ұлттық қор.

Кітапхананың құрылымдық бөлімшелерінің болуына сәйкес кітапхана қорының құрылымын құру (қор қоймасы, абонемент қоры және т.б.).

Пайдаланушылар контингентімен байланыс бойынша қорды құрылымдау, олардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары, кітапхана қорын пайдалану дәрежесі бойынша. Белсенді қор. Пассивті қор. Депозитарлық қор.

**Тақырып 7. Ақпараттық қызмет көрсетудің құжаттық ресурсы**

Ғылыми-техникалық ақпараттық орталықтардың пайда болуы және дамуы. Ақпараттық орталықтардың ерекшеліктері және олардың кітапханаларда жұмыс істеуі. Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық ақпараттық жүйесін құру және дамыту.

**Тақырып 8. Кітапхана қорын қалыптастыру және модельдеу**

Кітапхана қорын модельдеудің мәні мен маңызы. "Кітапхана қорының моделі" ұғымының дефинициясы. Тақырыптық-типологиялық модельдеу бойынша құжаттар. Қордың типтік типологиялық моделін құру технологиясы. Модель түрлері: оңтайлы және имитациялық. Кітапхана қоры модельдерінің негізгі түрлерінің сипаттамасы: сипаттау, библиографиялық, математикалық, графикалық, тақырыптық-типологиялық (құрылымдық). Қордың тақырыптық-типологиялық моделін құру әдістемесі. К. Н. Дерунов, К. А. Рубакин, О. С. Чубарянның сипаттамалық модельдерінің теориясы.

**Тақырып 9. Құжаттарды қабылдау, есепке алу және кітапханалық өңдеу**

Құжаттарды қабылдау және бастапқы өңдеу. Кітапхана қорын есепке алу: мәні, мәні, функциялары. Есепке қойылатын талаптар. Есепке алу бірліктері. Жиынтық және жеке есептің сипаттамасы, олардың ерекшелігі, нысандары мен әдістемесі. Есептің даму тенденциялары. Автоматтандырылған есептеу технологиясының артықшылықтары. Кітапхана қорын есепке алу және өңдеу. Кітапхана қорының құжаттарын орналастыру және жеткізу. Құжаттарды кітапханалық өңдеу, оның түрлері.

**Тақырып 10. Кітапхана қорын орналастыру және орналастыру**

"Кітапхана қорын орналастыру"ұғымының анықтамасы. Орналастыру міндеттері және оған қойылатын талаптар. Кітапхана қорларын орналастыру тарихы.

Орналастыру әдісі, олардың нұсқалары, артықшылықтары мен кемшіліктері. Қордың орналасуы мен көлемінің өзара байланысы. Қорды ашық қолжетімділікпен орналастыру, оның ерекшеліктері, нұсқалары, нормалары және ұйымдастырылуы.

**Тақырып 11. Кітапхана қорларының өзара байланысы**

Қазақстан Республикасының кітапханалық қорлар жүйесі, оның иерархиялық сипаты. Қорларды жинақтауды үйлестіру және оның мәні. Жинақтауды үйлестірудің алғышарттары. Үйлестірудің семантикалық және формальды белгілері. Үйлестіру түрлері мен деңгейлері. Жинақтауды үйлестіру әдістемесі. ОКЖ бірыңғай қоры: мәні, мақсаты, белгілері, құрылымы. Орталық кітапхана қоры мен ОКЖ құрылымдық бөлімшелерінің құрамы. ОКЖ бірыңғай қорын жинақтау және пайдалануды ұйымдастыру әдістемесі. "Бірыңғай кітапхана қоры"ұғымының анықтамасы.

**Тақырып 12. Кітапхана қорларын депозитарлық сақтаудың мәні мен маңызы**

Депозитарлық сақтау теориясының дамуы. Кітапхана-депозитарий және оның қызметі. Кітапхана қорларын депозитарлық сақтаудың отандық жүйесі. Депозитарлық қорды қалыптастыру әдістемесі. Депозитарлық сақтауға құжаттарды іріктеу және оларды кітапхана – депозитарийге беру технологиясы. Қабылданған құжаттармен бірге кітапхана-депозитарийдің жұмысы. Депозитарлық қорды ұйымдастыру және оны пайдалануды ұйымдастыру. Кітапхана қорларын репозитарлық сақтау.

**Тақырып 13. Кітапхана қорын зерттеу**

«Кітапхана қорын зерттеу» ұғымына анықтама. Қорды басқару үшін ақпарат көзі ретінде зерттеу. Кітапхана қорына әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды зерттеу. Қорды қайталама іріктеудің негізі ретінде зерттеу. Екінші іріктеу қажеттілігі. Отандық және шетелдік кітапханатану ғылымында екінші іріктеу теориясын дамыту. Кітапхана қорын зерттеу әдістемесі. Кітаппен қамтамасыз ету, оқылым, айналым көрсеткіштерін, сұраныстарды қанағаттандыру пайызын есептеу. Бас тартуды қорды қалыптастыру сапасының көрсеткіші ретінде есепке алу. Бас тарту және айналым пайызын салыстыру. Нақты басылымдардың айналымын есептеу оларды пайдалану дәрежесінің көрсеткіші ретінде. Қорды зерттеудің библиографиялық әдістері.

**Тақырып 14. Кітапхана қорын сақтау**

Кітапхана қорларын сақтаудың рөлі мен маңызы. Кітапхана қорын сақтау туралы "Кітапхана ісі туралы" заң. Қорларды сақтау жөніндегі нормативтік құжаттар. Қордың сақталуына құқықтық жауапкершілік. Кітапхана қорының "сақталуы", "сақтау", "қорғалуы" ұғымдарының сипаттамасы. Қорды сақтау технологиясы. Сақтау бөлімінің функциялары.

Қордың сақталу факторлары: әлеуметтік, физикалық-химиялық, биологиялық. Құжаттарды реставрациялау және консервациялау. Құжаттарды қайта форматтау. Қордың өрт қауіпсіздігі.

**Тақырып 15. Электронды кітапхана қорының жұмысын ұйымдастыру және әдістемесі**

Электронды тасымалдағыштарда қор құрудың мақсаттары мен міндеттері Электронды тасымалдағыштарды және деректер массивтерін сақтау кітапхана қорына электронды құжаттарды іріктеу өлшемдері. Кітапхананың электронды қорын сақтау.

**3. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

**Негізгі:**
1. Земсков, А.И., Шрайберг Я.Л. Электронные библиотеки [Текст] : учебник для вузов.–М., 2012. -351 с.
2. Модернизация библиотечного дела. Манифест: Как привлечь внебюджетные средства, стать фандрайзером[Текст]: Принципы и практика развития библиотеки / М. Бакленд, В. Стил. – Москва: ОГИ, 2001. – 279 с.
3. Морева, О.Н. Документные фонды библиотек и информационных служб[Текст]. - СПб.: Профессия, 2010.- 398 с.
4. Соболенко, Н. П. Учет документного фонда библиотеки [Текст] : учеб.-практ. пособие. - М. : Литера, 2010. - 144 с.
5. Стародубова, Н. З. Менеджмент формирования и учета библиотечных фондов [Текст]: науч.-метод. пособие. - М.: Либерея-Бибинформ, 2011. – 157 с.
6. Столяров Ю.Н. Библиотехнический фонд правовой документации: преподавание. практично. пособие.-М.: Либерия. 2003. – 245 с.
7. Столяров Ю.Н. Документный ресурс[Текст]: учеб. пособие.- М.: Либерея-Бибинформ. - 2014. - 224 с.
8. Столяров Ю.Н. Документный ресурс[Текст]: учеб. пособие.- М.: Либерея-Бибинформ. - 2014. - 224 с.
9. Столяров Ю.Н. Защита библиотечного фонда[Текст]: учеб.пособие. - М.: ФАИР-Пресс, 2006. - 504 с.
10. Столяров Ю.Н. Документный ресурс[Текст]: учеб. пособие.-М.: Либерея-Бибинформ .- 2014. 224 с.
11. Терешин В.И. Библиотечные фонды[Текст]: учебник.- М.: Профессия.-2015.-174 с.

**Қосымша:**
1. Бердигалиева Р.А. Модернизация библиотек Казахстана - в руках молодых! [Текст] // Молодые в библиотечном деле. – 2008. - № 2-3. - С. 3-9
2. ГОСТ 7.83-2001 Электронные издания. Основные виды и выходные сведения [Текст] // Стандарты по библиотечному делу: сб. - СПб., 2002. - С 6.
3. Дубровина Л.А. Модернизация библиотек на основе документного фонда[Электронный ресурс] // https://www.twirpx.com (05.05.2022 г.).
4. Морева, О.Н. Организация библиотечного фонда[Текст]: учебно-практическое пособие.– СПб, 2013 . -128 с.
5. Литвинова, Н.Н. Электронные документы: отбор, использование и хранение [Текст] // Библиотека. - 2005. - N 6. - С.6-9.
6. Майстрович Т.В., Казаков В.Г. Электронный документ как объект библиотечного дела: постановка проблемы [Текст] // Российский научный электронный журнал "Электронные библиотеки". - 2003. - Т.6,. - Вып.4.
7. Майстрович Т.В. Проблемы формирования фонда электронных документов [Текст] // Науч. и техн. б-ки. - 2000.- № 10. - С.39.
8. Пашин А. Библиотечно-документный фонд в цифровом мире[Электронный ресурс] // https:www.ozon.ru(05.05.2022 г.).
9. Сапаргалиев Е.Б., Султанаев А.К. Модернизация библиотек на основе внедрения новых информационных технологий(НИТ) [Текст] // Национальная библиотека: люди, факты, работа. - 2000.- С.233-242.
10. Хахалева, Н.И. Формирование библиотечного фонда в электронной среде: концептуальный подход[Текст] // Библиотековедение. - 2006. - N 3. - С.38-41.